

*Н. Т. САХАНОВА, ҚР ИМ Б. БЕЙСЕНОВ АТЫНДАҒЫ ҚАРАҒАҢДЫ АКАДЕМИЯСЫНДАҒЫ
ҚЫЛМЫСТЫҚ ПРОЦЕСС КАФЕДРАСЫНЫҢ АҒА ОҚЫТУШЫСЫ*

ТЕРГЕУ ӘРЕКЕТІ — ЭКСГУМАЦИЯНЫ ЖҮРГІЗУДІҢ КЕЙБІР МӘСЕЛЕЛЕРІ

Марқұм болып, бақилыққа аттанған адамды жер бесікке бөлеу — рухани мәдениетіміздің, төл менталитетіміздің баға жетпес құндылығының айқын белгісі. Марқұмның жатқан жері қайтыс болған адамның туған-туыстары, ағайындары үшін киеліге саналып, ерекше мәні бөлек қасиетті тәжім ету орнына айналады, Дүние салған адамдардың жерленген жерлерін — мәңгілік мекенін қорлау, мазақ қылу кез келген халық үшін шектен тыс шыққан ауыр қылмыс ретінде бағаланады.

Бірақ, ақиқатты анықтау мақсатында қылмыстарды ашу, қылмыскерді әшкерлеу жене қайтыс болған адамның ақ адал атын ақтау ниетінде, әділдікті орнату үшін марқұм болған адамның тыныш-

тығын бұзуға бағытталған, мәйітті жерленген жерінен қазып алу әрекеті — амалсыз қажеттіліктен туындайтын іс. Қылмыстық іс жүргізуде аталған іс-әрекет — эксгумация деп аталады.

Жалпы, тергеулік эксгумация басқа тергеу әрекеттерінен өзінің орындалуының күрделілігімен, қоғамдық қауымдастыққа тигізер кері әсерлігімен ерекшеленеді. Міне, осындай тергеулік эксгумацияның айрықша белгілерін ескере келе, кейбір заң оқулықтарында төмендегідей түсініктер берілген: «Эксгумация — мәйітке қатысты, биологиялық-химиялық өзгеруімен байланысты, өзінің күрделілігімен ерекшеленетін, белгілі бір діни-этикалық сұрақтарды шешуді қажет ететін, тәжірибеде сирек кездесетін тергеу әрекеті»¹. Бұл анықтамада эксгумацияның қоғамдағы жалпы сипаты дұрыс берілген. Себебі дін, әдеп-ғұрып және салт-дәстүрлер өмірде қалыптасқан маңызды құбылыстардың бірі. Қазақстан Республикасы көптеген ұлттардың тоғысқан отаны болып табылады және бүгінгі тәуелсіз мемлекетіміздің сол ұлттардың қалаған дініне сену, салт-дәстүрлердің тәртібін сақтау секілді бостандық құқықтарымен санасу және оларды қорғау еліміздің мемлекет болып құрылуында үлкен рөл атқарады. Бұл бағытта Елбасы Н. Ә. Назарбаевтың басшылық етуімен жер бетінде тыныштық пен бейбітшілікті көздейтін көптеген халықаралық діни форумдары өткізілді. Сондай форумдардың бірі 2003 жылы 23-24 қыркүйекте Астана қаласында өткен әлемдік және дәстүрлі діндер өкілдерінің бірінші съезінде сөйлеген Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаев сөзінде: «...Дін — жаһандану басталғанға дейін дүниеде гуманизм және мәдени үндесу идеясын сақтаған және таратушы бірден-бір жаһандық құбылыс болып табылады. Рухани әмбебаптылығымен қатар, дін халықаралық ынтымақтастықтың ықпалды институты да» — болып табылатындығын және — «Саяси реттеу әдістері іске аспаған жерде Құдай сөзінің рөлі татуластыру мен үміттің бірден-бір құралы болып қалуда» деп атап кеткен². Демек, діни ағымдар — қоғамның айырылмас бөлшегі болып табылады. Сонымен қатар, әдеп-ғұрыптар, дін заңдарында тәрбиелік рухани тазалық үндейтін маңызды ережелер баршылық. Олардың бәрін назарға алмау — көзсіздіктің, озбырлықтың, білімсіздіктің белгілері. Осындай сұралған азаматтардың көпшілігі (61,4 пайыз) діни ағымдардың, әдеп-ғұрыптардың, салт-дәстүрлердің тәртібі және ережелерін эксгумация тергеу әрекетіне қарсы қояды, яғни, эксгумация қоғамдық қауымдастықта айтарлықтай жақсы қабылданбайды. Әрине, қоғамның мұндай тергеу әрекетіне деген көзқарасын түсінуге болады. Өйткені жерленген адамның мәйіті тыныштықта жатуы тиіс, «жатқан жері жайлы болсын» деген жалпыға белгілі қағидалар бар екенін білеміз. Ал мәйітті жерден қазып алу іс-әрекетінің өзі дүние салған адамның туған-туысқандарын айтпағанда, жергілікті халыққа психологиялық түрде кері әсерін береді. Мұндай іс-әрекеттер орын алса, өлікті қорлапты, діни тәртіптің ережелерін бұзыпты дейтін әңгімелер айтылады. Тіпті эксгумация өткізуге рұқсат етпей, моланы қоршап алып, кедергі жасаған оқиғалар да болмай тұрмайды. Бірақ азаматтардың қоғамда бейбіт, салауатты өмір сүруіне кепіл бола алатын бірден-бір факторы — қылмыспен күресу болып табылады. Себебі қылмыстылықтың көбеюі бейбіт халықтың үрейін алып, мемлекет экономикасының дамуын тежейді. Ал тиісті жазасын алмаған қылмыскерлер басқа да аса ауыр қылмыстарды жасауды жалғастырады. Сондықтан қылмыстықтың көбеюіне жол бермеу үшін қылмыстарды ашу және алдын алу, қылмыскерді әшкерлеу және жазаға тарту қажет. Осы мақсатта заңмен рұқсат берілген кез келген амалдар мен іс-әрекеттер орындалуға тиіс. Осындай іс-әрекеттердің бірі — эксгумация тергеу әрекеті болып табылады. Осыған байланысты кереғарлық фактілерді болдырмау мақсатында қарсы болған туыстары мен ағайындарына эксгумация өткізу арқылы алынған мәліметтер қылмыстық іс үшін қажеттілігін дұрыс түсіндіру өте маңызды.

Алайда, кейінгі кездері тәжірибеде, эксгумация жүргізуге қайтыс болған адамның туған-туыстарының өтініштері мен арыздары негіз болған оқиғалар да кездеседі, яғни, олар эксгумация жүргізу арқылы өз туысының өліміне қатысты күдіктерді жою мақсатында мәйітті жерленген жерінен қазып алуды талап етеді. Мұндай оқиғалардың өзі азаматтардың эксгумацияның маңыздылығын білгендігін көрсетеді. Бір сөзбен айтқанда эксгумация — қазіргі кезде қоғамдық-құқықтық қарым-қатынаста, қылмыстық іс жүргізуде әділдік пен ақиқатты анықтауға бағытталған амалсыз қажеттіліктен жүргізілетін тергеу әрекеттері.

Сонымен, эксгумация тек сот-медициналық зерттеулер жүргізу мақсатында ғана жүргізілмейді, сонымен қатар мәйітке қарау жүргізу, мәйітті тануға көрсету және сараптамалық зерттеулер жүргізу үшін үлгілер алу секілді мақсаттарында да эксгумация өткізілуі мүмкін.

Толубекова Б. Х., Капсалямов К. Ж., Шнарбеков Б. К., Бекишев Д. К. Уголовно-процессуальное право РК (часть Особенная). Досудебные стадии. — Алматы, 2002. — 270-б.

² Назарбаев Н. Ә. Тәуелсіздік белестері. — Алматы, 2003. — 336-б.